



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАЛҚЫДА – КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ



Заман талабы мен қоғам қажеттілігін, азаматтардың ұсынысын ескере отырып дайындалған Қазақстан Республикасы Конституцияның жаңа жобасы жарыққа шықты. Құжат алдымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобында талқыланып, Ұлттық құрылтайдың V жиынынан кейін Конституциялық комиссияда пысықталған болатын. Мемлекет басшысы 30 қаңтарда Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдаған кезде Конституцияның жаңа нұсқасын халықтың қарауына шығару маңызды екенін айтты. Сондай-ақ Конституциядағы өзгерістерге қатысты түпкілікті шешімді қазақстандықтар республикалық референдумда қабылдайтынын да атап өтті. Осыған орай «Зан газеті» жобаның мәтінін жариялай отырып, бас құжатқа қатысты ой-пікірін білдірем деген азаматтарға өз алаңын ұсынуға дайын екенін еске салады.

(Жалғасы 2-5 беттерде)

«БІР ЕЛ – БІР МҮДДЕ»

ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ – КЕШЕНДІ МІНДЕТ

Қазақстан Парламентіндегі «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы «Экстремизм мен радикализмнің алдын алу – қоғамдық келісімнің факторы» тақырыбында отырыс өткізді. Іс-шара қазіргі жаһандық сын-қатерлер жағдайында қоғамдық тұрақтылықты сақтау, ұлттық қауіпсіздікті нығайту және азаматтық бірлікті күшейту мәселелеріне арналды.

Отырысты ашқан депутаттық топтың жетекшісі Нұртөре Жүсіп цифрландыру үдерістерінің жеделдеуі, ақпарат ағындарының күшеюі, көші-кон және әлеуметтік трансформация жағдайында экстремизм мен радикализм қатерінің жаңа сипат алып отырғанын атап өтті.

Оның айтуынша, бұл құбылыстар тек қауіпсіздік саласына қатысты мәселе емес, қоғамның ішкі тұтастығына, этносаралық және конфессияаралық келісімге тікелей әсер ететін күрделі факторға айналып отыр. Экстремизм мен радикализм кездейсоқ немесе оқшау құбылыс емес. Олар әлеуметтік теңсіздік, экономикалық тұрақсыздық, идеологиялық вакуум, сондай-ақ мақсатты түрде жүргізілетін деструктивті ақпараттық ықпал нәтижесінде қалыптасады. Әсіресе діни және ұлттық риториканың радикалды мақсатта қолданылуы – қоғам үшін аса қауіпті үрдіс. Осы жайлы айта келіп, Н. Жүсіп мырза: «Экстремизм мен радикализм өздігінен пайда болмайды. Олардың таралуына әлеуметтік, экономикалық және идеологиялық факторлардың жиынтығы әсер етеді. Цифрлық кеңістікте мұндай идеялар жылдам тарайды, сондықтан алдын алу шаралары да заман талаптарына сай болуы тиіс», – деді.

Отырыс барысында айтылған өзге де пікірлерден түйгеніміз, экстремизм мен радикализмнің алдын алу тек құқық қорғау органдарының міндеті ретінде емес, кешенді мемлекеттік және қоғамдық саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл ретте радикалдануға алып келетін алғышарттарды ерте кезеңде анықтау, жастармен жүйелі

жұмыс жүргізу, ақпараттық иммунитетті күшейту және қоғамдағы сенім деңгейін арттыру мәселелеріне ерекше мән беру керек.

Нұртөре Жүсіптің айтуынша, алдын алу шаралары тек тыйым салу мен жазалау тетіктеріне сүйенбеуі қажет. Керісінше, қоғамда өзара құрметке, ашық диалог пен сенімге негізделген орта қалыптастыру – радикалды идеологияларға қарсы тұрудың ең тиімді жолы. Ортақ азаматтық бірегейлікті нығайту, мәдени және діни әртүрлілікті құрметтеу – қоғамдық келісімді сақтаудың маңызды алғышарттары.

Жиында сөз алғандар экстремизмнің алдын алу мәселесін білім беру, ақпараттық саясат, мәдениет және азаматтық қоғам институттарының қызметімен тығыз байланыстыра қарау қажеттігін атап өтті. Бұл бағытта мемлекеттік органдар мен сарапшылардың, діни бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың үйлесімді жұмысы шешуші рөл атқарады.

Іс-шара қорытындысы бойынша қатысушылар экстремизм мен радикализмнің алдын алу тетіктерін жетілдіруге, сенім мен диалог мәдениетін нығайтуға бағытталған бірқатар практикалық ұсынымдар әзірледі. Сарапшылардың айтуынша, бұл ұсынымдар әлеуметтік шиеленісті төмендетуге, қоғамның ішкі тұрақтылығын сақтауға және қоғамдық келісімді Қазақстанның орнықты дамуының негізгі кепілі ретінде нығайтуға ықпал етеді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Зан газеті»

СЕНАТ

2026 жылғы 29 қаңтарда өткен Сенат отырысы заңнамалық күн тәртібінен бөлек, мемлекеттік саясаттағы бірқатар жүйелі мәселелерді айқындады. Қаралған заң жобалары мен депутаттық сауалдар инвестициялық ахуал, өлеуметтік тұрақтылық және институционалдық басқару сапасы арасындағы өзара байланысты көрсетті. Отырыста көтерілген мәселелер қабылданған шешімдердің тиімділігі оларды іске асыру тетіктеріне тікелей тәуелді екенін аңғартты.

ДӘРІМЕН ҚАМТУ ТӘСІЛДЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАЖЕТ

Алғашқы мәселе – «ҚР Үкіметі мен ОПЕС халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру жөніндегі рамалық келісімді ратификациялау туралы» заң. Құжат Қазақстан мен ОПЕС Халықаралық даму қоры арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған. Келісім шеңберінде инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді қаржыландыру, инвестицияларды қорғау және ынтымақтастықтың икемді тетіктері көзделді.

Сенат төрағасы Маулен Әшімбаевтың айтуынша, келісім Қазақстан экономикасының басым бағыттарына сәйкес келетін жобаларды халықаралық қаржы институтының қаражаты есебінен қаржыландыруға мүмкіндік береді. Құжатта қаржыландырудың мөлшерлемелері 2,5-5 пайыз аралығында, жеңілдік кезеңі 6 айдан 24 айға дейін, ал қарыз алу мерзімі 22 жылға дейін белгіленген. Әрбір жоба бойынша қаржыландыру етілуі мемлекеттік мүддені сақтауға бағытталған.

Жалпы, заң инвестиция тарту саясатын институционалдық тұрғыда нығайтуға бағытталып отыр. Қаржыландырудың ұзақ мерзімді және қолайлы шарттары экономиканың басым секторларында жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге Үкіметтің әрбір жоба бойынша хабарлар етілуі мемлекеттік мүддені қорғау мен қаржының мақсатты пайдаланылуын

қамтамасыз етуге бағытталған тетік ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар сенаторлар «Күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды да қарады. Бұл құжат күзет қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтуге, қару айналымын реттеуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған. Заңда құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар, азаматтық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін жетілдіру нормалары көзделді. Сонымен қатар жұмысқа қатысты басшылардың жауапкершілігі күшейтіліп, тұрғын үй төлемдерін реттеу өкілеттігі Үкіметке берілді.

Занды әзірлеушілердің айтуынша, бұл құжат қоғамдық қауіпсіздік пен әлеуметтік кепілдіктерді бір мезгілде қамтиды. Күзет қызметін қатаң реттеу қауіпсіздік талаптарын күшейтсе, тұрғын үй мәселесіне қатысты өзгерістер құқық қорғау саласындағы кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Өкілеттіктерді Үкімет деңгейіне шоғырландыру салалық саясаттың бірізділігін арттыруға мүмкіндік береді.

(Жалғасы 5-бетте)

6-БЕТ




AMANAT:
әрбір өтініш
жауапсыз
қалмайды

7-БЕТ



Ақмола
жасыл өңірге
айналады

8-БЕТ



Банкирдің өлімі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

2026 жылғы 30 қаңтар

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің unitарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

I БӨЛІМ

Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап

Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – unitарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.

2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, бөлінбеуін, оған қол сұғылмауын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі заңда айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.

6. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, unitарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

4-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі – Қазақстан халқы.

2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Президенті, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайы әрекет етеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттігін шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну, өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.

4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолданудың міндетті шарты.

5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоюын немесе жеңілдететін болса, жаңа заң қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында конституциялық заңдарға сәйкес қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамытын қала» арнаулы құқықтық режимі белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси аралуандық танылады. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзбауға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамادا көзделмеген әскерлендірілген жасақ құруға тыйым салынады.

4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды

тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

7-бап

1. Дін мемлекеттен бөлек.

2. Қазақстан аумағында дін ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығын және қоғамның адамгершілік болмысын қорғау мақсатында шектелуі мүмкін.

8-бап

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және тең қорғалады.

2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет игілігіне қызмет етуге, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, басқа тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелері құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халықтың атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікке де болуы мүмкін.

9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қолдау көрсетеді.

10-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

II БӨЛІМ

Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер

12-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірыңғай және тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматы өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады.

13-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.

2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

14-бап

1. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұмсынан тиесілі, олар абсолютті және олардан ешкім айыра алмайды.

3. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттері бар.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

5. Құқықтар мен бостандықтарды іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

15-бап

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.

2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегіні алу құқығы танылады.

16-бап

1. Заң мен сот алдында бәрі тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап

1. Өмір сүру құқығы – әр адамның абсолютті және ажырамас құқығы.

2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.

3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап

1. Әр адамға жеке басына тиіспеу құқығына және жеке бас бостандығы құқығына кепілдік беріледі.

2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.

Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.

3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негізі мен құқықтары түсіндіріледі.

4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе

айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адамды кінәлі деп танымайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы қол құқық етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиісуге болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге және жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдану кеса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдарының, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.

2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.

2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.

3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауы тиіс.

5. Цензураға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға, сондай-ақ арандату әрекетіне және оған шақыруға жол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.

2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпыадамзат пен азамат құқықтары, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

26-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияны немесе қоғамдық-саяси қозғалысты қолдауға не сыни пікір білдіруге құқылы емес.

27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Мәжбүрлі еңбекке тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не тотенше жағдайда, не соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайларын құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітуді сыйақы алу, сондай-ақ заңға сәйкес әлеуметтік қорғау құқығына кепілдік береді.

3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.

4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тінтуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына баспапа заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алынған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы болады.

2. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға оның тең құны өтелген кезде жол беріледі.

4. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығына, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына кепілдік береді. Монополістік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

30-бап

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады.

2. Неке – еркек пен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркелген ерікті және тең құқықты одағы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Соңы. Басы 1-3-беттерде)

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;

19) өз қызметінің регламентін және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртіптемесіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;

20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;

21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;

22) Құрылтайға Конституцияда жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

57-бап

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратады.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кері шақырылуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:

1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;

3) Құрылтай Төрағасының орынбасарлары лауазымына сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;

4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;

7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.

5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

58-бап

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай сайлауының қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

4. Құрылтай сессиясын, әлетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады және сессия Құрылтай отырысында жабылады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінші ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

5. Құрылтай отырыстары Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сойлеуге құқығы бар.

59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалған тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

3. Комитеттер мен комиссияларды құру тәртібі, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру заңда айқындалады.

60-бап

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.

3. Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтық құқықтар мен бостандықтарға, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджетке, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық мәселелеріне;

8) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Құрылтай халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысына, қоғамдық тәртіптің қорғалуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төн-

діретін жағдайларға жедел ден қою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасымен енгізілген заң жобаларын дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне жауапкершілікті ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбастан қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң мен қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай заңды депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды.

Егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Заң жобалары бойынша кемінде үш оқылым өткізу міндетті.

6. Заңдар, Құрылтай қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуі тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуі тиіс.

7. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консултациядан кейін Құрылтайды таратады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Құрылтайды таратады.

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы тараудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

V БӨЛІМ

Үкімет

63-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.

2. Үкімет – алкалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтайдың алдында жауапты.

3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.

4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;

6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;

7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолданысын толық немесе бір бөлігінде жояды не тоқтата тұрады;

8) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;

9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) Үкімет қаулысына қол қояды;

3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;

4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынсты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.

2. Үкімет мүшелері өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ заңнамаға сәйкес өзінің лауазымдық міндеттері болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес.

68-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.

3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Құрылтайы алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы өтініш беруге құқылы.

3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы өтініш береді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI БӨЛІМ

Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:

1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары; қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту;

Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынындар әзірлейді;

2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

VII БӨЛІМ

Конституциялық Сот

72-БАП

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады, олардың өкілеттігі – сегіз жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінші, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдум өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;

2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдарды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

ды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігінің қағидағары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

79-бап
Соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп таныту туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап
1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен не Құрылтайдың келісімімен оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқуышылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

81-бап
Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап
Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

83-бап
1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттігі мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.

4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттігі мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры болып тағайындалмайды.

4. Бас Прокурорды қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

85-бап
1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

86-бап
1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдесуді көздейді. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

IX БӨЛІМ

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

87-бап
Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

88-бап
1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүддесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәсе-

лелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

89-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) Жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өкілі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті облыс аумағындағы мәслихат депутаттарының немесе тиісінше астана, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауыс санын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасымен әкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдеріне қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің алдына не өзге де әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына қоюға құқылы. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті өз қызметіне кіріскенде тоқтатады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі заңда белгіленеді.

90-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша – шешім, әкімдер шешім мен өкім қабылдайды, бұлар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті.

2. Жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін мәслихат шешімінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болғанда ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес келмейтін мәслихат шешімінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоя алады, олардың күші сот тәртібімен де жойылуы мүмкін.

91-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар арқылы және тұрғын саны шағын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтарда өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңға сәйкес мемлекеттік функциялар берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне заңда белгіленген өкілеттік шегінде кепілдік беріледі.

X БӨЛІМ

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

92-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасы бойынша, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің бастамасы бойынша қабылдаған шешіммен өткізілетін жалпыхалықтық референдумда енгізіледі.

2. Жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, жалпыхалықтық референдум өткізіледі деп саналады.

3. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы жалпыхалықтық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп саналады.

93-бап

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 6-тармағының және 43-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы Конституциялық Сот қорытындысы болған жағдайда олар жалпыхалықтық референдумға шығарылады.

XI БӨЛІМ

Қорытынды және өтпелі ережелер

94-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұған дейін қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні деп жарияланады.

95-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енген кезде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілері оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және жергілікті мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру үшін қажетті шаралар қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енген кезде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған Конституциялық Кеңестің және Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін бөлігінде заңды күшін сақтайды.

СЕНАТ

ДӘРІМЕН ҚАМТУ ТӘСІЛДЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отырыста депутаттық сауалдар да тыңдалды. Сенатор Айгүл Аргынбекова дәрілік заттардың қолжетімділігі мәселесін көтерді. Ол өзінің сауалында әлемдік экономикалық және геосаяси тұрақсыздық жағдайында дәрі-дәрмек жеткізіліміндегі іркілістер, бағаның өсуі және өмірлік маңызы бар препараттардың жетіспеушілігі азаматтардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сеніміне кері әсер ететінін атап өтті. Сенатор дәрілік саясаттағы импортқа тәуелділік, реттеу мен сатып алу тетіктерінің әлсіз үйлесімділігі жүйелі проблема екеніне назар аударғаны және дәрілік қамтамасыз ету стратегиялық жоспарлау жүйесіне енгізу қажеттігін ұсынды. Оның сөзінен түйгеніміз – денсаулық сақтау саласындағы басқару тәсілдерін қайта қарауды қажеттілігі. Бұл ретте дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету медициналық емес, стратегиялық қауіпсіздік мәселесі ретінде қарастырылуы тиіс. Ұсынылып отырған шаралар жүйені тәуекелге жауап беретін емес, тәуекелді алдын ала басқаратын модельге көшіруді көздейді.

Жиында тағы бір депутаттық сауал тастаған сенатор Бибігүл Жексенбай мәдениет және өнер саласын дамытудың жүйелі мәселелеріне тоқталды. Ол мәдениетті елдің рухани және зияткерлік әлеуетін қалыптастыратын стратегиялық бағыт ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті. Сауалда



кадрлық әлеуеттің әлсіздігі, техникалық базаның тозуы, инклюзивті ортаның жеткіліксіз дамуы және шығармашылық мамандық иелерінің әлеуметтік қорғалмауы атап көрсетілді. Заманауи мәдени және цифрлық мамандықтарды заңнамалық тұрғыда бекіту, ұлттық техникалық стандарттарды енгізу және әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту жөнінде ұсыныстар айтылды. Жалпы, мәдениет саласының қосалқы емес, стратегиялық бағыт ретіндегі рөлін қайта пайымдау керек. Бүгінгі таңда саланы институционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі сала дамуын тежеп отыр. Мәдениетті қолдау заманауи талаптарға бейімделіп, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету қажет.

Сенатор Андрей Лукин депутаттық сауалында инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындайтын әкімшілік кедергілерге назар аударды. Лукин мырзаның айтуынша, жер қатынастары, ин-

фрақұрылымға қосу және рұқсат беру рәсімдеріндегі негізсіз бас тартулар инвестициялық келісімшарттардың орындалуына кері әсер етеді. Осыларға тоқтала келіп, сенатор инвестициялық жобалардың орындалуын бақылауды күшейтуді, келісімшарттарды бұзу тәжірибесін қайта қарауды және мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыруды ұсынды. Бұл сауал инвестициялық саясаттағы басты тәуекел – әкімшілік басқарудың сапасына назар аударғанмен маңызды болды. Расында, инвестор үшін шешуші фактор – келісімшарттардың тұрақтылығы мен рәсімдердің болжамдылығы. Ұсыныстар инвестициялық ахуалды жақсартуға және мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға сеп болары анық.

Осылайша Сенат отырысында қаралған заң жобалары мен депутаттық сауалдар экономикалық және әлеуметтік саясаттағы өзекті мәселелерді жүйелі түрде айқындады. Қабылданған шешімдер мен жасалған ұсыныстардың тиімділігі олардың нақты іске асуына және ведомствоаралық үйлестірудің сапасына байланысты болмақ.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Есірткімен күрес ортақ

Қонаев қаласында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың ведомствоаралық штаб отырысы өтті. Жиынға өңір басшылығы, аудан әкімдері және салалық мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Отырыста 2025 жылдың қорытындылары қаралып, жастар арасында нашақорлықтың таралуына жол бермеу және алдын алу шараларын күшейту мәселелері кенінен талқыланды. Полиция департаментінің мәліметінше, қазіргі таңда есірткі заттарын тарату көбіне интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылуда. Осыған байланысты заңсыз онлайн контентке және күмәнді қаржылық операцияларға бақылау күшейтілген. Қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде өткен жылы облыс аумағында 11 тоннаға жуық түрлі есірткі заттары тәркіленіп, синтетикалық есірткі дайындайтын екі жасырын зертхана жойылған. Сонымен қатар есірткі қылмысына қатысы бар төрт кәсіпкерге қатысты қылмыстық іс аяқталды. Жиын барысында өңір басшысы бұл мәселені шешу үшін барлық сала өкілдерінің бірлескен жұмысы қажет екенін атап өтті.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Кәсіпкерлер қолдаудан кенде емес

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев жұмыс сапарымен Жетісу облысына барып, вегетация кезеңіне дайындық және «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Сондай-ақ өңірдегі гидротехникалық нысандардың жай-күйімен танысты.

Кенеске Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов, АМАНАТ партиясы, Ұлттық экономика министрлігі, құқық қорғау органдары, су шаруашылығы кәсіпорындары және шаруа қожалықтарының өкілдері қатысты. Фермерлерге су тапшылығы қаупін азайту үшін су үнемдеу технологияларын жедел енгізу және ылғалды көп қажет ететін дақылдардың егіс көлемін кезең-кезеңімен қысқарту қажеттігі түсіндірілді.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

БЛОКЧЕЙН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Цифрлық технологиялардың дамуы құқық саласына да айтарлықтай әсер етуде. Соның ішінде блокчейн технологиясы деректерді сақтау мен растаудың инновациялық тәсілі ретінде сот және тергеу тәжірибесінде жиі талқыланатын құралға айналды. Алайда бұл технологияның артықшылықтарымен қатар, елеулі құқықтық тәуекелдері де бар екендігін ескеру қажет.

Блокчейн технологиясының басты ерекшелігі – деректердің децентрализован түрде сақталуы және өзгертілмейтіндігі. Бір рет енгізілген ақпарат кейіннен бұрмалау немесе жою іс жүзінде мүмкін емес. Осы қасиеті блокчейнді дәлелдемелердің сенімділігін қамтамасыз ететін заманауи құрал ретінде қарастыруға негіз береді. Мысалы, электрондық транзакциялар, цифрлық келісімдер немесе уақыт белгісімен бекітілген файлдар блокчейн жүйесінде тіркелген жағдайда, олардың жасалған уақыты мен мазмұнына қатысты дау туындау ықтималдығы төмендейді. Бұл сот үшін дәлелдемелерді бағалауда маңызды мәнге ие. Соған қарамастан, блокчейн технологиясын қолдану абсолютті сенімділікке кепілдік бермейді. Негізгі құқықтық тәуекелдердің бірі – бастапқы деректердің шынайылығына қатысты мәселе.

Блокчейн деректерді өзгертуге жол бермегенімен, оған енгізілетін ақпараттың өзі жалған немесе қате болуы мүмкін. Бұдан бөлек, блокчейн жүйелерінің құқықтық мәртебесі көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, әлі де нақты айқындалмаған. Заңнамада блокчейн негізіндегі деректердің дәлелдеме ретіндегі жол берілетіндігі мен оларды бағалау тәртібі нақты көрсетілмеген. Бұл құқық қолдану тәжірибесінде әртүрлі түсіндіруге және біркелкі емес шешімдерге алып келуі мүмкін. Блокчейн деректерін дәлелдеме ретінде пайдалану техникалық білімді талап етеді. Сондықтан мұндай дәлелдемелерді бағалауда соттық-компьютерлік сараптаманың маңызы арта түсуде. Тергеуші мен судья тек құқықтық нормаларды ғана емес, технологиялық процестердің негізін де түсінуі қажет. Бұл жағдай

дәлелдемелердің сенімділігін бағалау процесін күрделендіреді және дәлелдемелік құқықтың пәнаралық сипатын күшейтеді.

Блокчейн технологияларын тиімді және қауіпсіз пайдалану үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. Атап айтқанда, цифрлық және блокчейн негізіндегі дәлелдемелердің құқықтық мәртебесін заңнамалық тұрғыда бекіту, оларды жинау, сақтау және бағалау тәртібін нақтылау қажет. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұлттық құқықтық жүйеге бейімделген әдістемелік ұсынымдар әзірлеу маңызды. Блокчейн технологиялары дәлелдемелердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік бергенімен, оларды құқық қолдану тәжірибесіне енгізу бірқатар тәуекелдермен қатар жүреді. Осыған байланысты блокчейнді дәлелдемелік құқықта пайдалану мәселесіне технологиялық оптимизммен емес, құқықтық сақтықпен қарау қажет. Заңнама мен құқық қолдану тәжірибесі технологиялық даму қарқынына ілескен жағдайда ғана блокчейн әділ сот төрелігінің тиімді құралына айнала алады.

Қарлығаш ӨТЕБАЛИЕВА, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті, I курс PhD докторанты Әсел ШАРИПОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АУЫЗСУ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

Қазақстан 1992 жылғы Траншекаралық су ағындары туралы конвенцияның Су және денсаулық сақтау туралы хаттамасына қосылған отызыншы ел атаңды. Яғни Нью-Йоркта 2023 жылғы 22-24 наурызда өткен БҰҰ Су конференциясында жарияланған міндеттемесін орындады.

Су және денсаулық сақтау туралы хаттама – Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық аймақтық кеңсесінің (ДДҰ/Еуропа) қамқорлығымен жүзеге асырылатын көпжақты экологиялық келісім. Хаттаманың I-бабы бойынша ондағы басты мақсат барлық тиісті деңгейлерде, яғни ұлттық, трансшекаралық және халықаралық деңгейде тұрақты даму шеңберінде су ресурстарын басқаруды жақсарту, соның ішінде су экожүйелерін қорғау және сумен байланысты аурулардың алдын алу, бақылау және азайту арқылы жеке және ұжымдық адам денсаулығы мен әл-ауқатын қорғауды ілгерілету болып табылады.

Су мен санитарияға қолжетімділіктің жоғары деңгейіне қарамастан, Қазақстан әлі де үзіліссіз сумен жабдықтау және ағынды суларды жеткіліксіз тазарту сияқты қиындықтарға тап болып отыр. Климаттың өзгеруі, инфрақұрылымының нашарлауы, қалалық және ауылдық жерлер арасындағы дамудағы тұрақты айырмашылықтар қосымша қиындықтар туғызады. Қазақстан үшін бұл хаттама 5 сәуірде күшіне енеді. Оған сәйкес еліміз су ресурстарын қорғау, қоғамдық денсаулық сақтау және санитария саласындағы ұлттық мақсаттарға жету жүйесін жақсартуға және оның ілгерілетуі туралы үнемі есеп беріп отырады. Биыл

Қазақстан су мен санитарияға тең қолжетімділікті бағалауды аяқтайды, бұл 2-4 желтоқсанда БАӘ өтетін БҰҰ Су конференциясына дайындыққа қосқан үлкен үлесі болады.

ДДС/ЮНИСЕФ бірлескен мониторинг бағдарламасының мәліметтері бойынша, Қазақстан халқының 95 пайыздан астамы негізгі ауыз су қызметтерін пайдаланады, ал 98 пайызы негізгі санитарлық қызметтерге қолжеткізе алады. Сонымен қатар, халықтың 90 пайызы қауіпсіз басқарылатын ауыз су қызметтерімен қамтамасыз етілген. Ал ағынды суларды тазартумен қамту шектеулі және тұрмыстық ағынды сулардың тек үштен бір бөлігі ғана қауіпсіз тазартылады.

Бұған дейін бұл хаттамаға 2025 жылы Өзбекстан Орталық Азия елдері арасында бірінші, ал әлемдегі 29-шы ел боп қосылған еді. Аймақтағы халқы ең тығыз орналасқан көрші республика ДДСҰ мен ЮНИСЕФ-тің мәліметтері бойынша, қауіпсіз ауыз суға қолжетімділік қалалық жерде 89 пайызды, ауылдық жерде 71 пайызды құрайды. Сондықтан хаттамаға қосылу Өзбекстанның сумен жабдықтау және санитария саясатын нығайтады және климаттың өзгеруі жағдайында елдің өсіп келе жатқан халқын су арқылы таралатын аурулардан қорғайды деп жоспарланған болатын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

БЕТБҰРЫС

Мемлекет басшысының қоғамдық тірегіне айналған АМАНАТ партиясы азаматтардың өтінішін қарауға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіп жатқаны белгілі. Партия өтініш жолдаған әрбір адамның сауалына нақты жауап берілуі тиіс деп біледі және өзінің жұмыс сипатын қоғамға мейлінше ашық форматта ұйымдастыруға басымдық береді. Осы міндетті басшылыққа алған партияның Түркістан облыстық филиалының мобильді көшпелі қоғамдық қабылдау кездесуі Кентау қаласында жалғасты.



АМАНАТ: ӘРБІР ӨТІНІШ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Азаматтардың өтініш-тілектеріне жедел әрі сапалы жауап беруді көздейтін қоғамдық қабылдау кездесуі қаладағы жастар ресурстық орталығында өтті. Партия ашып берген диалог алаңының мүмкіндігін пайдаланған тұрғындар қатары көп болды. Азаматтар білдірген сұраныстарға департамент және басқарма басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, халыққа қызмет көрсетуші ұйымдардың қызметкерлері, нотариустар, адвокаттар, медиаторлар, банк және әлеуметтік сала мамандары – барлығы 60-қа жуық облыстық деңгейдегі мекемелер мен ұйымдардың өкілдері жауап берді. Қоғамдық қабылдаудың ашылуына АМАНАТ партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев, Кентау қаласының әкімі Жандос Тасов, Түркістан облыстық әділет департаментінің басшысы Нұржан Махамбетов, Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Бегман Нұрмаханов, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Амангелді Әліш, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Талғат Садуов, Кентау қалалық мәслихатының төрағасы Қабылан Елеусізов, партияның Кентау қалалық филиалының төрағасы Арман Басаров қатысып, азаматтармен ашық диалог жүргізуге қызмет ететін алаң тұрғындар көтерген барлық мәселені мүмкіндігінше шұғыл және сапалы шешуге ықпал ететінін түсіндіріп өтті.

– Мемлекет басшысының азаматтардың мәселесін кейінге қалдырмай, нақты әрі әділ шешуі бойынша нақты тапсырмасы бар. ҚР Президенті жүргізіп жатқан реформаларды іске асыруда АМАНАТ партиясы қоғамның сұранысын тындап, көтерілген өзекті мәселелерді шешуге тікелей қатысып отыр. Әрбір мәселенің артында бір

отбасының, бір азаматтың тағдыры бар. 2025 жылы облыстық партия филиалына 15 687 өтініш келіп түсті, азаматтар білдірген өтініштердің 10 547-сі немесе барлық өтініштің 67,2 пайызы оң шешімін тапты. Сонымен қатар 5082 өтініш бойынша құқықтық кеңес берілсе, облыстық, аудандық, қалалық партия филиалдарында 3 488 қабылдау жүргізілді. «Құқықтық көмек» жобасы бойынша 107 қабылдау жүргізіліп, 787 азаматтың өтініштері тыңдалды. Кентау өзіндік әлеуметтік және инфрақұрылымдық ерекшелігі бар қала екені белгілі. Мұнда тұрғын үй қорының тозуы, инженерлік желілердің жаңартылуы, жұмыспен қамту, жастар саясаты сияқты мәселелер жиі көтеріледі. Партия бұл түйткілдердің барлығын жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отырып, кезең-кезеңімен шешуге мүдделі. Бүгін айтылған әрбір өтініш бақылауға алынады, олардың орындалуы партиялық қадағалауда болады», – деп атап өтті Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Қабылдау барысында партияның «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында тұрғындардың өтініштері жеке-дара қаралды. Атап айтқанда, кентаулықтар тұрғын үй, жер қатынастары, әлеуметтік төлемдер, еңбек даулары, алимент, несие жүктемесі, мұрагерлік, отбасылық мәселелер және коммуналдық қызмет сапасына қатысты өзекті проблемаларын көтерді. Қабылдау жүргізген нотариустар мен адвокаттар құқықтық кеңестер беріп, медиаторлар даулы мәселелерді сотқа жеткізбей шешу жолдарын түсіндірсе, «Отбасы банк» өкілдері тұрғын үй бағдарламалары мен жеңілдетілген несиелеу тетіктері жөнінде жан-жақты ақпарат ұсынды. Көптеген өтініштер сол жерде шешімін тауып, бірқатары бақылауға алынды.

Қала тұрғындары тарапынан тұрғын үй қатынастары саласына қатысты көптеген сауалдар қойылды. Оның ішінде көпқабатты тұрғын

үйлердің тозуы, инженерлік инфрақұрылымның жай-күйі, ауыз су мен жылу жүйесіне қатысты мәселелер, кондоминиум құру мәселесіне қатысты сауалдар, көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру, аяқжолдар төсеу, ойын және спорт алаңшаларын құру өтініштері айтылды. Орамшілік жолдарды қалпына келтіру, қосымша бағдарламалар орнату, жаяу жүргіншілер өткелдерін қою, қауіпті жол учаскелеріне жасанды жол кедергілерін қою, жылдамдықты өлшеуші құралдарын орнату мәселесі айтылды. Әлеуметтік сұраныстар қатарында денсаулық жағдайы бойынша мүгедектікті тағайындауға көмек беру, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға санаторлық мекемелерге жолдама беру мәселелері айтылды. Сондай-ақ қабылдау барысында жылу тарифіне қатысты мәселелер айтылып, газбен қамту саласындағы түйткілдер көтерілді. Арендалық пәтерді мүгедектігі бар азаматтың атына аудару, жастар практикасына қатысу талаптары бойынша азаматтарға кеңестер берілді.

Облыстық партия филиалы төрағасының қабылдауына келген Анар Таңатарова медицина саласы бойын-

ша жеке мәселелерін шешуге көмек көрсеткен облыстық партия филиалына алғысын білдірсе, еңбек ардагері Кентау қаласының байырғы тұрғыны Құрманбай Жолдыбаев ақсақал қалада спорт кешенін салуға, спорттық инфрақұрылымды жақсартуға партияның ықпалы айрықша болғанын жеткізе отырып, қала тұрғындарының атынан ризашылығын білдірді. Тұрғындар мұндай көшпелі қабылдаулар халық пен билік арасындағы байланысты одан әрі нығайтады деген сенімдерін білдірді.

– Бұрын бірнеше мекеменің табалдырығын тоздыратынбыз. Бүгін барлық жауапты сала өкілдері бір жерде отыр. Сұрағымызға нақты жауап алып, мәселеміздің бақылауға алынғанына көз жеткіздік. Осындай мүмкіндік жасаған партияға алғысымыз шексіз, – дейді қабылдауға келген Кентау қаласының тұрғыны Айнагүл Мұратқызы.

Кентау қаласында өткен АМАНАТ партиясының көшпелі мобильді қоғамдық қабылдауы мақсатына сай ұйымдастырылып, іс-шара соңында қала әкімі партия өкілдеріне көрсетілген қолдау мен жүйелі жұмыс үшін алғысын білдірді.

– Бүгінгі көшпелі мобильді қоғамдық қабылдауда өңіріміздегі барлық мемлекеттік орган мен сала мамандарының бір алаңда жұмыс істеуі тұрғындар үшін үлкен мүмкіндік болғанын атап өтуіміз қажет. Осы бастаманы көтеріп, ұйымдастырған АМАНАТ партиясының Түркістан облыстық филиалына алғыс айтамын. Мұндай іс-шаралар тұрғындардың өзекті мәселелерін уақытында анықтап, тиімді шешуге септігін тигізеді деген сенімдемін, – деді қала әкімі.

Партияның көшпелі қоғамдық қабылдауы түстен кейін Қарнак елді мекенінде жалғасты.

Раушан НАРБЕК, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Өңір тынысы

Заманауи спорт кешенінің құрылысы басталды

Шымкент қаласында әлеуметтік маңызы зор ірі жоба – паралимпиадалық және сурдлимпиадалық спорт түрлеріне арналған заманауи спорт кешенінің құрылысы басталды. Болашақ нысанның орнында символикалық капсула салу рәсіміне қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты.

Іс-шара барысында мегаполис басшысы инклюзивті спорт инфрақұрылымын дамытудың және қала тұрғындары үшін тең мүмкіндіктер қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. «Бұл кешен спорт нысаны ғана емес, ерекше қажеттіліктері бар жандар үшін мүмкіндіктер кеңістігіне айналады. Біздің міндетіміз – қолжетімді орта қалыптастырып, белсенді өмір салтын ұстануды қолдау және Шымкент пен еліміздің атын халықаралық аренада абыроймен қорғайтын спортшыларды даярлауға жағдай жасау», – деп атап өтті Ғабит Сыздықбеков. Нысан аумағында футбол алаңы, екі әмбебап спорт залы, жекпе-жек спорт түрлеріне, спорттық билерге, үстел ойындарына, армрестлинг пен пауэрлифтингке арналған арнайы залдар, сондай-ақ жүзу бассейні мен автотұрақ қарастырылған. Сонымен қатар, жоба аясында воркаут алаңы, жүгіру және велосипед жолақтары

болады. Бұл кешен аумағын жаттығулар мен белсенді демалысқа арналған көпфункционалды кеңістік ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Т.ИБАСHEBA ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Әкім тұрғындарды қабылдады

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кездесу барысында өндіріс пен ауыл шаруашылығына жер бөлу, тұрғын үй, білім беру, медицина, жұмыспен қамту мәселелері, сондай-ақ жеке сипаттағы ұсыныс-пікірлер көтерілді. Ербол Қарашөкеев азаматтардың сауалдарына қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жауап берді. Қабылдау қорытындысында жауапты тұлғаларға көтерілген түйткілдерді жан-жақты зерделеп, кезек күттірмейтін өтініш-тілектер бойынша тиісті шешімдер қабылдау тапсырылды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН, ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЭКОЛОГИЯ



АҚМОЛА ЖАСЫЛӨҢІРГЕ АЙНАЛАДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы аясында Ақмола облысында 2025 жылы 31 іс-шара жүзеге асырылып, бағдарламаға 700 мыңнан астам адам қатысты.

133 мың аула аумағында тазалау және абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, 758 саябақ пен сквер, тарихи-мәдени ескерткіштер ретке келтірілді, шамамен 87 мың тонна қоқыс шығарылды. Облыс елді мекендерінде 182 мың ағаш отырғызылып, сондай-ақ Көкшетау және Степногорск қалаларында жасыл желектерге күтім жасалды.

Өңірде 2026 жылға 37 бастама жоспарланып отыр. Аумақтарды санитарлық тазалау, абаттандыру және

көгалдандыру бойынша күнделікті жұмыстармен қатар, экологиялық құқықбұзушылықтарды анықтау үшін бейнебақылау камераларының санын арттыру, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жобаларын іске асыру, экологиялық ойлауды қалыптастыру мен халықты тәрбиелеуге бағытталған ақпараттық және мәдени іс-шаралар өткізу көзделген.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЛЕБІЗ

ӘДІЛЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТТІ ЕСІМ

Қазақстанның заңгерлік қауымдастығы – еліміздің тәуелсіз сот билігінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ұйымдардың бірі. Биыл ҚР Судьялар одағының 30 жылдығы атап өтеледі. Мерейтойлық кезең судьялық қызметтің жоғары стандарттарын орнықтырып, кәсіби адал қызметімен ерекшеленген тұлғаларды еске алуға себеп. Солардың бірі – Әміров Иран

Әмірұлы.

Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесі қалыптасқан кезеңде құрылған Судьялар одағы судьялар қауымдастығын біріктірген маңызды институтқа айналды. Ол кәсіби тәжірибе алмасудың, судьялық әдеп мәселелерін талқылаудың және судья мәртебесін қорғаудың беделді алаңы болды. Үш онжылдық ішінде одақ заңдылық қағида-дәттарын нығайтуға және сот тәуелсіздігін қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосты.

Иран Әмірұлының есімі сот жү-

йесінің дамуы және судьялар қауымдастығының қызметімен тығыз байланысты. Оның кәсіби жолы заңға қызмет етуге, судьяның қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруға, азаматтардың әділетке деген сенімін арттыруға арналды. Әріптестері оны принципшілдігі, шешім қабылдаудағы байыптылығы және мамандыққа деген терең құрметі үшін ерекше сыйлайды.

Сот жүйесінде басшылық қызметтер атқара жүріп, Иран Әміров сот актілерінің сапасына, кадрлардың кәсіби даярлығына және буындар сабақтас-

тығына айрықша мән берді. Оның ұстанымы бойынша, соттың абыройы қағаз жүзіндегі рәсімдермен емес, судьяның күнделікті адал еңбегімен қалыпта-сады.

Иран Әміровтың еңбегі 2025 жылы Ақтөбе қаласындағы көшелердің біріне оның есімін беру туралы шешіммен лайықты бағаланды. Бұл қадам өңірдің әділет жүйесін дамытуға және судьялар қауымдастығын нығайтуға сүбелі үлес қосқан азаматқа деген қоғамдық құрметтің айқын белгісіне айналды.

Судьялар одағының мерейтойы – жай ғана салтанатты дата емес, сот билігі сүйенетін құндылықтарды еске салатын маңызды кезең. Иран Әмірұлының өнегелі жолы бүгінгі және келешек судьялар үшін темірқазық болып қала береді. Өйткені заңға қызмет ету – ең алдымен, жеке жауапкершілік пен кәсіби ар-ожданнан өлшемі.

Айдана МӘМБЕТҚАЗИЕВА,
Ақтөбе гарнизоны әскери сотының төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

Көпфункционалды ғимарат бой көтереді

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылыс барысымен танысты. Аумағы 25 мың шаршы метр болатын нысан 3 және 4 қабатты блоктардан тұрады. Бас мердігер – «ASPAN HOLDING», бас жобалаушы – «Жоба», техникалық қадағалаушы – «Строй-Проф» серіктестіктері.

Кешен олимпиадалық стандарттарға сай келетін 50 метрлік бассейнмен, Азия, әлем чемпионаттары сияқты ауқымды жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдарымен қамтылады. Құрылысы екінші жартыжылдықта аяқталады.

Е.КЕБЕКБАЙ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

4. «Б/У-тик Азия» ЖШС (БСН 150540022078) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 211 үй.

8. «Каз Агро Лайвсток» ЖШС (БСН 190440022834) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылдық округі, Тұрбат ауылы, И.Қасимов көшесі, 7 үй, индекс 160300.

9. «Бак - Нұр жарық» ЖШС (БСН 240240017901) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылдық округі, Жылысу ауылы, Абай көшесі, 58 үй.

10. «S&J Construction Group» ЖШС (БСН 190240001488) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 34 ықшамаудан, 2 үй, 96 пәтер.

11. «Mitchell Drilling Kazakhstan» (Митчелл Дриллинг Казахстан) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 211040014392) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 101 үй, «В» блогы, 9-қабат, индекс 050012.

БАНКРОТТЫҚ

5. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 15 қаңтардағы ұйғарымымен Жеке кәсіпкер Аитова Марина Михайловнаны (ЖСН 700327400497) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

ӘРТҮРЛІ

3. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкіне сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Анықтама тел. +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

7. «Silk Way» компаниясы» ЖШС (БСН 180540026482) жарғылық капиталдың 1 156 300 000 (бір миллиард жүз елу алты миллион үш жүз мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Z05K7B3, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 47 ғимарат, «Евроцентр» бизнес-орталығы, н.п. 5Б, 4-қабат, 444/2 кабинет. Тел. +7 777 317 70 95.

МҰРАГЕРЛІК

2. 26.10.2024 жылы қайтыс болған Бидайбеков Галымжан Суиенбековичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рыскулов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

6. 09.03.1970 жылы туған Мамырбекова Алмагуль Ануарбековнаның 2026 жылғы 6 қаңтарда қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер нотариус А.М. Жарасбаеваға мына мекенжай бойынша хабарласуы қажет: ҚР, Алматы қаласы, «Athletic Village» тұрғын үй кешені, Нұркент шағынауданы, 5 корпус, 23-26 пәтер, 10/1 кенсе. Тел. +7 705 444 16 78.

12. Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының судьялар қауымдастығы сот жүйесінің ардагері, отставкадағы судья

Сыздықова

Жұмақұл Мырзағарықызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның отбасының, туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Соңы. Басы алдыңғы сандарда)

— Ол ойын да дұрыс. Біз баяғыда бір қанқұйлы қылмысты аша алмаған соң, сыған әйеліне карта аштырғанбыз. Не болды дейсіз, айтқаны дәл келді. Ал қазір баксы-балгер деймісін, көріпкел деймісін, әйтеуір қаптап кетті емес пе? Біздің тергеушілер сол көріпкелге карта аштыруға ылғи баратын. Кейін өзім тыйым салдым. Сонда да олар жасырын баруын қоймапты.

— Бізге де кеңес бересіз бе?
— Ол кісі әбден қажымаса, менің қызметшім біледі. Кейде мен алдырып, қызыққа аштырам. Бір жағынан ермек болады. Барып шық. Оның келіп-кетер зияны жоқ.
— Қайыр, мына ағанды карта ашатын сыған әйелдің үйіне апар.
— Сізді мазалағаным үшін кешірім өтінемін.
— Олай қашпа! Әңгімені өзің бастадың. Енді, аяғын айтып кет. Күтемін!

— Уәде беремін.
Есік алдына ере шыққан отставкадағы генерал бұлар жүріп кеткен соң да орнынан тапжылмай ұзақ тұрды.

— Жалғызсырайтын сыңайлы, — Райс артына бұрылып, қарады.

— Ол кісіге өте қиын. Жұмыста күндерімнің қалай өткенін білмей қалушы едім, қазір бір күнім бір жылдай деп қапаланады.

— Иә, түсінуге болады. Сен қазір менен бұрын кіріп, бөтен адамдардың болмауын бақыла!

— Жарайды.
— Жаңағы кісі айтқан соң, сынағым келіп отыр. Әйтпесе сенбейтінмін.
— Өкінбейсіз. Болжамдары дәл келеді.

Таро

Сыртқы қызыл кірпішпен қапталған үйдің алдында бейсауыт жан көрінбеді. Үйге тақап тоқтаған машинадан жедел түскен генералдың күтушісі жүгіріп кіріп кетті де, тез шықты.

— Кіріңіз.
Екі қапталына гүл егілген аяқ жолмен тіке жүрген Райсты ауыз үйден күтіп алған жас әйел, ішке бастап, төр бөлмеге өткізді. Ортадағы үлкен үстелдің жанында карталарын жайып тастап отырған кейуананың қай ұлттың өкілі екенін бірден айыру қиын.

— Аманбисыз, — деді, өзін қолайсыз сезінген Райс көріпкелден гөрі орта қол кәсіпкердің үйіне ұқсайтын жиһаз толы үй-ішін жіті шолып.

— Төрлетіңіз, көптен заң адамдары ат ізін салмаған. Сіз иә біреудің сілтемесімен, иә өте тығыз іспен келдіңіз білемін.

Кемпір сынай қарап, күлімсіреді.
— Картаңызды салып, сөйлетіп көрсеніз?
— Кімге, неге?!

— Бұдан біраз бұрын бір банкир саяжайында өлтірілді. Сол туралы картаңыз не дер екен?
— Отырыңыз. Ең бірінші картаға сенім артыңыз. Барлық басқа ойдан аулақтап, тек сол оқиғаны есіңізге алыңыз.

Әйел қолындағы картасын араластырып, аударыстырып отырып, үш үштен қоя бастады. Бірталай үнсіздіктен соң.

— Үш әйелі бар ма? Міне, төртінші қара көйлекті қара сұр әйел.
— Ол шешесі болар, — танданған тергеуші картаға қадала қалды.

— Ақша, көп ақша. Арақ-шарап.
— Өлтірген кім?
— Асықпаңыз. Банкирге у берілген. Бұл әйелдердің қолымен жасалған. Бірақ осы төрт әйелдің қайсысының ісі, оны айта алмаймын.

— Банкир удан өлмеген, оған бір түнде бірнеше рет қастандық жасалған. Алыс жолдан келген екі жолаушының жолы сайрап жатыр. Олардың да түсі суық. Бір қағаздар. Міне, мыннан тағы бір-екі адамның суыт жүрісі шықты, бірі алыс жол тартады. Шым-шытырық, негізі ісіңіз ашылып тұр. Барлық күдіктілер қолыңызда, бірақ адам өлтірген қылмыскер қашып үлгерген. Оны бір жетінің о жақ бұ жағында ұстайсыздар. Банкирдің саяжайының қасында су барға ұқсайды. Оған бір адамның жолы тірелген. Мүмкін судың астында. Осы ертең-арғы күні бір суыт хабар аласыздар. Негізі қылмыс ашылады.

— Рақмет.
Райс қолына түскен ақшаны үстел үстіне



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

тастай салып, сыртқа шықты. Тергеушінің тез шыққанына танданған жүргізуші мен жол көрсетуші орындарына жайғасты.

— Райс Сапарұлы, тез шықтыңыз ғой.
— Ойымдағының бәрін айтты. Таң қаларлық жәйт.

— Мен де бұрын сенбейтін едім. Інім хабар-ошарсыз кетіп келгенімде, жолда келе жатыр, ертең үйіңде болады, — деді. — Сенген жоқпын. Ешкімге айтқан да жоқпын. Келесі күні кешкілік інім үйге кіріп келгенде, бұл кісінің көріпкелдігіне таң-тамаша болдым.

— Су, су, ол қандай су, саяжайға соға кетейік. Сонда бұрыл.

Әбден жолдың маршруттарын біліп алған жүргізуші үнсіз бұрылды. Бұралаң-бұралаң жолмен қалың ағаштың арасына түскен машина саяжайдың түп жағындағы табиғаты тамаша алаңға орналасқан банкирдің үйінің жанына тоқтады. Екі қатарлы қызыл кірпіштен салынған саяжай бар сырын ішіне тығып тымрайды. Машинадан түсіп, жоғары қарай жаяу өрлеген Райс саяжай үйлерінің аулаларына үңіліп, сөйлесетін жан іздеп, мойнын созумен болды. Ең шеткі үйдің жанына келіп тоқтап:

— Кім бар? — деп дауыстады. Саябақтың түп жағынан:
— Мен бармын, — қолында кетпені бар қария көрінді.

Айнала тамылжып, ағаштардың арасынан себелеген күн сәулесі күздің соңғы жылуын аямай төгуде.

— Күзде суарып тастаса, тоң қатпайды.
— Саламатсыз ба, полициядан едім!
— Полиция, бұрын милиция дейтін еді. Жарайды. Менің сізге не қажетім бар?

— Сіздің саяжайыңыз ба?
— Иә. Балалар қарамайды. Қысы-жазы осындамын.

— Түнде де қонасыз ба?
— Қонамын. Маған қалада не бар?
— Анау банкирдің саяжайын көрдіңіз бе?

— Иә. Онда қыз-қырқынды алып келіп, көңіл көтеретін. Сосын бір-екі рет екі баланың бейуақытта сонан шығып бара жатқанын көрдім.

— Банкир тап сондай үлкен балалы болатын жасқа келмеген тәрзіді. Біреуі тіпті ересек. Жиырма үш-жиырма төрттердегі жігіт.

— Түрі-түсін аңдамадыңыз ба?

— Жоқ, олар кешкі қара көлеңкеде, мотоциклмен бір-екі рет келді. Бірі ересек, бірі он үш-он төрттегі бала.

— Ал қыркүйек айының жиырма тоғызы күні осында қондыңыз ба?
— Мен осында тұрақты тұрамын. Қалаға балалар қонаққа шақырса немесе туған күндері болса ғана барамын.

— Сол күні түнде ешқандай оқыс оқиға болған жоқ па?
— Тоқтай тұрыңыз. Ол күні мен жалғыз болған жоқпын. Бір ескі досымыз екеуміз өткен-кеткенді айтып, кеш жаттық. Ұйықтап кеткен екенмін, бір нәрсе түрс етті. Шошып оянып, біраз жаттым. Егер жалғыз болғанда шығып, айналаны қарап келетін едім. Қасымда қонақ жатқан соң, қайта ұйықтап кетіпін.

— Жақын жерде су бар ма?
— Бар. Ол жердің суы терең, айналасы құлама жар. Сондықтан суға шомылатындар әрірек барып, тайызға түседі.

— Сол су қайда? Қария ағаш шарбақтан шығып.
— Міне, былай қарай жүз қадам жүрсеніз, алдыңызда.

Тергеу бастығы артындағыларға қолын сілтеді де, өзі жаяу солай қарай жүрді. Алдында құлама жар. Оның астында көкпенбек терең тексерту керек. Ол байғұс баланы суға лақтырып жіберген болды деп түйді де, шапшаң бұрылып, машинаға барып отырды.

— Қазір сізді жолдан тастап кетіміз. Генералға кейін соғамын. Тығыз істер бар.

Түйін

Күдіктілердің бәрін жинап, басшының алдында соңғы қорытындыны жариялауға келген Райс біраз қобалжып тұр.

— Бірнеше айға созылған тергеу барысында барлық жағдай жан-жақты анықталып, банкирдің өліміне байланысты барлық айғақтар жиналғандықтан, қылмыс жасағандардың қылмысы дәлелді айғақтармен толық мойындалды, — деді тергеуші басшыға есеп беріп. — Отбасының трагедиясынан басталған бұл істе банкирдің қызметіне қатысты себеп-салдар жоқ деген тұжырымдама жасалды. Бұл өлімнің басты себебі — банкирдің көңілдесі стюардессаға арналған

удан бастау алған. Банкирдің уланғандығын сот медициналық сараптама дәйектеді. Ол уды бір емес, екінші рет қайталап ішіп, шарапқа әбден езіліп тұрған заһардың салдарынан жүрегі әлсіреген. Осы тұста оған екінші рет қастандық жасалып, көңілдесі стюардессаның көмелетке толмаған інісінің қасындағы қылмыскер Андрей тамырына есірткінің шамадан тыс мөлшерімен ине салғандығынан жүрегі шыдаас бермей, қайтыс болады. Оның өлі денесін қылмысының ізін жасыру үшін Андрей саунаға батырып жібереді. Қан анализдері осыны көрсетті.

Бұрын сотталған кәсіп қылмыскер банкирдің мол қаражатын қалтасына басқан соң жанындағы көмелетке толмаған баладан құтылу үшін, оған да есірткі беріп, есінен тандырып, мотоциклге байлап, саяжай жанындағы терең суға тастап жіберген. Бұдан әрі қылмыскер, банкирдің мерседесін орта жолда қалдырып, өзі шекарадан өтіп кетеді. Енді уды кім ойлап тапты, ол кімге дайындалды соған көшейік. Уды баласының стюардессаға қатты көңілі ауғанын байқаған Қатира ханым дайындайды.

Қара сұр әйел:
— Жалған! Жала жаппаңыз! Жалғыз баламды өлтіруге қолым бармас еді! — деп ыршып тұрды.

— Тыныш отыруыңыз сұралады. Сөз кезегі сізге де келеді, — деген тергеу бөлімінің басшысы әйелге ескерту жасады.

— Сізден уды алып, пайдаланғандар өз кінәсін

толық мойындаған. Бұл қылмысты жетімдер үйінде тәрбиеленген стюардессаның балаңыздың жары болуын қаламағандықтан жасағансыз. Одан гөрі төркін жағы мығым менеджер қызды келін болуға қолайлы, лайықты көргендігіңден, стюардессаға у беріп, құтылғыңыз келгені тергеу барысында анықталды. Оның куәлері бар. Куәгерді шақырыңыздар!

Залға кірген менеджер:
— Ең болмаса ішімдегі нәрестені, балаңыздың баласын аясаңыз етті, — деп қара сұр әйелге қадала қарағанда қара сұр әйелдің көз жанары шарасынан шығып кетердей болды.

— Сен. Сен. Өлген жоқсың ба?! — Қатира орнынан тұра беріп, сылқ етіп отыра кетті.

— Менің көзімді жойып, өзіңнің қылмысыңның жалғыз куәсін құртуды ойлаған екенсің ғой. Сіз қолыңыз қанға малынған адамсыз, мен тек кездейсоқ сәттілікпен тірі қалдым. Біреуге ор қазсаң, өзің түсерсің деген. Жалғыз балаңыз сіздің қазған торға түсіп, қаз болды. Бірақ сіз онымен де тоқтаған жоқсыз. Өзіңіздің жауыздылығыңыздың жария болмауын қаладыңыз. Соның жалғыз куәсі менің көзімді құртуды ойладыңыз. Мен кейін білдім, сіздің күйеуіңіздің көңілдесі Ажардың жол апатынан қайтыс болуы да, сіздің маған жасағандай қайырымдылығыңыздың бір түрі екен.

— Жалған! Жала жаппаңыз! — деген Қатираның үні дірілдеп шықты.

— Сіздің жасаған қылмысыңыз өз бөлтірігін өзі қауаған бөрінің ісіндей жан-жақты барлығын бүлдірді. Жазықсыз жандарға құдік түсті. Сіздің жасаған қылмысыңыздың құйтырқылығы сондай, талай қиындықтарға кездестік. Бірақ адам қолымен жасалған қылмысты, адам ашпай қоймайды, — деді Райс, — сондықтан өз баласының ажалына өзі себеп болып, ауыр қылмыс жасаған Қатираның қылмысы бөлек тергеліп, жаза жеке-дара тағайындалатын болады. Оның азғыруымен қылмысқа барған, кейін өзі де содан зардап шеккен менеджер де жазасыз қалмайды.

Банкирге есірткінің артық мөлшерін егіп өлтірген, стюардессаның інісін суға батырып ажалына жеткен, өте қауіпті қылмыскер Андрей жақын күнде қалаға алдырылады. Оның да ең қатал жазаға кесілетіні күмәнсіз.

Үстінен ауыр жүк түскендей болған Райсқа басшының да алғысы шексіз еді. «Шытырманның шешіліп, қылмыскерлердің лайықты жазасын алуы өзің секілді ізденімпаз ізкесушілердің арқасы ғой» деді басшы Райсқа риза көңілмен.

Зияш ТЕЛЕУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6542 дана
Апталық таралым 13084 дана

Тапсырыс №17 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31